

**“Темір қаласы әкімі
аппараты” мемлекеттік
мекемесі**



Жоспары

- 1 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен Темір қаласына жалпы сипаттама
 - 1.1 «Темір қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы ережесі
 - 1.2 Темір қаласының жалпы әлеутінің сипаттамасы
- 2 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік – экономикалық дамуы және міндеттері
 - 2.1 Темір қаласы әкімі А.Б. Қоқановтың 2016 жылдың қортындысы бойынша Темір қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы және 2017 жылдың алда тұрған міндеті туралы есебі
 - 2.2 Темір қаласының стратегиялық даму бағыты
- 3 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Темір қаласын дамытуға арналған бағдарламасы мен жобасы
 - 3.1 2016 – 2021 жылдарға арналған Темір қаласының кешенді жоспары
 - 3.2 Темір қаласы жандандыру мақсатында «Ақылды қала» моделінің жобасын қарастыру

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына
арналған

«Қазақстанның Үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге
қабілеттілік» жолдауы. Еліміздің тарихи белесін
бастаған маңызды құжат. Онда Елбасымыз
Қазақстанның дамуының жаңа бағыттарын белгіледі.
Бұл жолдау ең алдымен халықтың әлеуметтік
жағдайын күшейтуге ықпал етеді

Өндірістік тәжірбиенің мақсаты – университет жетекшілерінен алған теориялық білімін практикамен ұштастыру болып табылады. Теорияда алған білімін спалы түрде практикада спалы түрде көрсете білу.

Міндеттері: өндірістік тәжірбиеден өту барысында берілген жұмыстарға тиянақты, сауатты болу шарт етіледі. Мекеме ішіндегі бекітілген құқықтар мен заңдылық ережелерін қатаң сақтау.

Бірінші бөлімде, «Темір қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі мен Темір қаласына жалпы сипаттама. Бұл бөлімде «Темір қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы ережесі мен Темір қаласының әлеуетінің жалпы сипаттамасы қарастырылды.

Екінші бөлімде, «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік – экономикалық дамуы және міндеттері. Бұл бөлімде «Темір қаласы әкімі А.Б. Қоқановтың 2016 жылдың қортындысы бойынша Темір қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы және 2017 жылдың алда тұрған міндеті туралы есебі мен Темір қаласының стратегиялық даму бағыттары қарастырылды .

Үшінші бөлімде, «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Темір қаласын дамытуға арналған бағдарламасы мен жобасы. Бұл бөлімде Темір қаласын дағдарыстық жағдайдан шығару мақсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы «2020 жылғы дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасын бекіту туралы» №728 Қаулысы бойынша 2016 – 2021 жылдарға арналған Темір қаласын дамытудың кешенді жоспары ұсынысы мен тәжірбие өту барысында Темір қаласының статутық бедеілін қалпына келтіру мен жандандыру мақсатында жеке «Ақылды қала» моделінің жобасын ұсынысы қарастырылды.

1 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мен Темір қаласына жалпы сипаттама

1.1 «Темір қала әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы ережесі

Темір қаласы әкімінің аппараты – Қазақстан Республикасы Министрлерімен және Ақтөбе облысының Әкімімен, ҚР Үкіметімен, мемлекет Басшысының жаңа қабылданған шешімдеріне сәйкес пайда болған, КӨБ туралы Ережеден шығатын және оған жүктелген міндеттерді орындайтын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Темір қаласы әкімдік аппараты Қазақстан Республикасының «әкімшілік – аумақтық құрылымы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару» 39 бабына сәйкес 2012 жылы 13 шілде де Ақтөбе облысының әкімдігінің шешімімен құрылды.

Қазіргі кезде Темір қала әкімі: Қоқанов Асқар Бисенбайұлы. «Темір қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде штат бойынша:

5-мемлекеттік қызметкер, 6 – штаттан тыс қызметкерлер, 1 мұқтаж адамдарға үйден әлеуметтік көмек көрсететін қызметкерлер бар.

1.2 Темір қаласының жалпы әлеутінің сипаттамасы

Темір қаласы - Ақтөбе облысы Темір ауданындағы қала (1928 жылдың), қалалық әкімдіктің орталығы. Аудан орталығы - Шұбарқұдық кентінен шығысқа қарай 50 км жерде, өзімен аттас өзен бойында орналасқан.


Іргесі 1870 жылы қаланған, 1869 жылы қазақ даласын басқару жөніндегі патша үкіметінің Уақытша ережесіне сәйкес құрамында 17 болысы уезд орталығы болған. Мұнда жылына 2 рет жәрмеңке өткізіліп тұрды. Саудагерлер Ташкент, Бұхар, Уфа, Орынбор, Жаманқала қалаларынан келіп тұрған.

Әлеуметтік-демогарфиялық жағдайы

Темір қаласының 1999 – 2016 жылдар аралығында әлеуметтік-демогарфиялық жағдай күрт өзгеріске ұшырады. Оны төменде салыстырмалы түрде көрсетілген 1 суреттен көруге болады.

1999-2016 жылдар аралығында қала халқының саны-2,6% көбейді, 2016 жылдың аяғына қарай қала халқы саны 2910 адам тұрады. Қала халқы санының өсуінің негізгі себептері ретінде табиғи өсім ерекшеліктерінің оң мәндері болып табылса, қала халқының санының аз өсуі жастардың үлкен қалаларға кетуі, жұмыс орындарының жоқтығы басты мәселе болып отыр. Темір қаласының құрамы төмендегі 1 суретте көрсетілген.

Темір қаласының 1999 – 2016 жылдар аралығында
әлеуметтік-демогарфиялық жағдай



Темір қаласының құрамына



Темір қаласы



Темір қаласы бойынша
2680 адам, 526 аула
бар



Жамбыл ауылы



Жамбыл ауылында
330 адам, 55 аула бар

Әлеуметтік инфрақұрылымы

Қазіргі таңда Темір қаласының құрамына: Темір қаласы мен
Жамбыл

ауылы кіреді. Темір қаласының жалпы аумағы – 184 194 га, оның ішінде ауыл шаруашылық жерлері – 149776 га, егістік жерлер (жәйлім және суармалы жерлер)– 5740 га. Темір қаласы бойынша С.Бәйішев атындағы орта мекеп, екі бала бақша, 1 дәрігерлік амбулатория, орман шаруашылығы, қалалық клуб, өрт сөндіру бөлімшесі, электр жүйесі бөлімшесі, Қазақтелеком, ауа райын болжайтын станция, мұнай айдау станциясы /НПС/, 1 дәріхана, 9 сауда дүкені, 2 тойхана, 31 жеке шаруа қожалығы, 2 ЖШС және 27 шағын жеке кәсіпкерлер бар.

Темір қаласының экологиялық жағдайы:

Темір қаласы таза экологиялық қала. Қалада ауылшаруашылық өнеркәсіпті дамытуда және ауылшаруашылық өнімдерді өткізудегі табиғи ресурс болып табылады.

Эстетикалық және бірегей тұқымдық құрамға жататын Толғанай, Егіндібұлақ, Ащысай, қала маңындағы орман сілмедерінен тұрады. Бұл жер өсімдіктер мен жануарлар әлеміне бай.

2 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемемлекеттік мекемесінің әлеуметтік –экономикалық дамуы және міндеттері

2.1 Темір қаласы әкімі А.Б. Қоқановтың 2016 жылдың қортындысы бойынша Темір қаласының әлеуметтік – экономикалық дамуы және 2017 жылдың алда тұрған міндеті туралы есебі

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы № 190 Жарлығына сәйкес, өткен жылғы округте жасалған жұмыстардың қорытындысы және алда тұрған жоспарлармен таныстыруда Темір қаласы әкімі А.Б Қоқановтың есебі.

2016 жылдың қорытындысы бойынша 3700 бас ірі қара малы бар, 11000 бас қой ешкі малы бар, 1100 жылқы малы бар.

2016 жылы 1 шаруа қожалығы «Сыбаға» бағдарламасы бойынша «Толғанай» ШҚ-ғы 5 млн теңге көлемінде несие алып 30 бас ірі қара сатып алды.

2016 жылы 1 шаруа қожалығы «Құлан» бағдарламасы бойынша несие алуға «Ақжол Ш» шаруа қожалығы 15 млн көлемінде несие алып 58 бас жылқы сатып алды.

Мал азығының қорын 2016-2017 жылдың қысына мал азығымен шаруа қожалықтары тұрғындар өздерін 100 пайыз қамтамасыз етті.

Темір қаласы әкімінің 2017 жылға алға қойған міндеттер:

- кіші және орта бизнес объектілерін көбейту және нығайту;
- асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;
- Жаңа жұмыс орындарын ашу ет, сүт өңдеу цехын ашуға ықпал жасау;
- көк өніс өнімдерін егіу және өндіруді дамыту;
- Темір қаласында көшелерінде көше жарықтандыру бойынша жұмысын жалғастыру.
- Темір қаласында абаттандыру, санитария бойынша жұмысын жалғастыру.

Жамбыл ауылы бойынша

1. ауылшаруашылығы кооперативін құру мәселесі;
2. жеке тұрғындардың малын бағатын бақташы мәселесі;
3. Табыс базарымен келісім шартқа отыру мәселесі;
4. «Сыбаға», «Құлан», «Алтын асық», жол қартасы 2020 бағдарламалары;
5. арпа, картоп, көкөніс егу мәселесі;
6. мал ұрлығы бойынша мәселе;
7. абаттандыру, көгалдандыру мәселесі;
8. «Темир» несиелік серіктестік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылды.

2.2 Темір қаласының стратегиялық даму бағыты

«Қазақстан – 2050» стратегиясының дамуына ұсынылған Темір қаласының кешенді даму стратегиясы толық талапқа сай келеді, осы бағдарлама да қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал тигізеді.

«Қазақстан – 2050» стратегиясының бірінші басымдылығы

экономикалық саясатқа қатысты, негізгі бағыты ауылшаруашылық саласын модернизациялау, оның ішінде жер мәселесін және кәсіпкерлік саласын, ауылшаруашылық өнімдеріне қайта өңдеу, сонымен қатар сауда – саттық пен инфрақұрылымды одан әрі дамыту.

**3 «Темір қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің
Темір қаласын дамытуға арналған бағдарламасы мен жобасы
3.1 2016 – 2021 жылдарға арналған Темір қаласының кешенді
жоспары**

Тарихи дамудың ұзақ жолында Темір қаласы өзінің елеулігінің, ауданның мәдениет және индустриялық орталығының өзінің мәртебесіне сәйкес келмейді. Қаланың инфрақұрылымының дамуы халықтың өмірлік деңгейін көтермелеу үшін 2017 жылға әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту есебінен 2014 жылғы деңгейіндегі Темір қаласының тұрғындарының қазіргі санын сақтау ұсынылды. Дамыту бағдарламасын тиімді іске асыру үшін кадрларды дайындау және қаладағы инфрақұрылым жобалары іске асыру.

Қаланың өзінің статустық мәртебесіне сәйкес болмауына байланысты 2016 – 2021 жылдарға арналған Темір қаласын дамытудың кешенді жоспары ұсынылған. Бұл жоспар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы «2020 жылғы дейінгі Өңірлерді дамыту бағдарламасын бекіту туралы» №728 Қаулысы бойынша Ақтөбе облысының әкімдігі әзірледі. [5]. Бұл жоспардың басты мақсаты Ұзақ мерзімді болашақта Темір қаласының тұрақты әлеуметтік-экономикасын дамыту. Дамытудың кешенді жоспарының міндеттері:

- Қала экономикасын диверсификациялау
- Қаланың инфрақұрылымын дамыту

Қала экономикасын диверсификациялау стратегиялық бағыттары:

- Орта және шағын бизнесті дамыту;
- Қосымша жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты жоюға ықпал ету;
- Ауылшаруашылық өнімдерінің өндірісін дамыту.

3.2 Темір қаласы жандандыру мақсатында «Ақылды қала» моделінің жобасын қарастыру

Елбасымыз Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған «Қазақстанның Үшінші жаңғырту: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауы. ірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Ел басы сөзінде:

Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.

Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты деді.

Жаңа индустриялар қалыптастырудың маңызды шарты инновацияны қолдау және оларды өндіріске тезірек енгізу болып саналады деп халыққа жолдау жолдады.

Осы жолдауға сүйене отырып Темір қаласын дағдарыстық жағдайынан шығару мен мәртебесіне сай статусын қалпына келтіру «Ақылды қала» моделдік мысалы жоба түрде қарастырылды.

«Ақылды қала» - бұл Интернет заттары мен біріккен «Сандық қала» өнімі.

«Ақылды қала» моделдік жобасын Темір қаласының негізгі салалары бойынша қарастырылды. Олар:

Қала халқының әлеуметік ортасын жақсарту мақсатында Темір қаласына электрондық партал жүйесін енгізу.

(eHealth)

Бұл электрондық денсаулық сақтау жүйесі арқылы қала халқының бір туар мазалап отқан мәселелерін шешеді. eHealth Темір қаласының тұрғындарының 3/2 бөлігі қарттармен мүгедек жандар болғандықтан бұл сараптамалық орталық сұранысқа ие болады. eHealth арқылы тұрғындар сараптама мен кеңес үшін қалаға немесе аудан орталықтарына жүрмей ақ. Ауылда қажетті сараптамалардан өтіп өзінің жеке анықтамасын порталға тіркеп қажет дәрігер көмегіне электрондық жүйе арқылы жүгіне алады. Емделуші өзіне қойылған диагнозын дәрігермен видотрансляция арқылы кеңес алу арқылы ала алады.

2016 жылы округ елді мекендері тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға және ауылдың көркеюі жолында айтарлықтай іс-шаралар атқарылды және атқарылуда. Алайда Темір қаласын мәртебесін қалпына келтіру мақсаты «Ақылды қала» моделдік жобасын Темір қаласына енгізу ұсынылды.